


Қазақстан Республикасы
Білім және Ғылым Министрлігі
Оңтүстік Қазақстан облысы, Қазығұрт ауданы
«Балдырган» балалар бақшасы

Баяндама



Тақырыбы ;

Бала тәрбиелеудегі
қимылды ойындар-
дың маңызы



Тәрбиеші ; Рысқұлова Бағила
Абдималікқызы



Жоспар

✓ *Kipicne*

Ойын мәңгілікке ұштасатын
құнды құбылыс.

✓ *Nегізгі бөлім*

Бала тәрбиелеудегі қимылды
оыйндардың маңызы.

✓ *Корытынды*

Ойын баланың жан серігі.



Ойын мәңгілікке ұштасатын құнды құбылыс.

Баланың ойынга деген құмарлығы бар, сол құмарлықты қанагаттандыра білуіміз керек. Ойнау үшін тек қана уақытты бөліп қана қоймай, сонымен бірге баланың барлық өміріне ойынды берे және сіңіре білуіміз қажет.

Оның барлық өмірі ойыннан тұрады.

A. С. Макаренко

Баланың бірінші әрекеті – ойын, сондықтан да ойын адамның өмірге қадам басардагы алғашқы қадамы. Абай атамыздың «ойын ойнат ән салмай, өсер бала боларма» деген олең шумақтары тегін айтылmasa керек. Көптеген жазушылар бала ойынының психологиялық мәнін көркем бейнелер арқылы ашқан. Бала ойын арқылы өзінің қуанышын, ренішін арманын бейнелесе, ертеңгі күні ягни

болашақта сол арманын жүзеге асыруга мүмкіндік алады. Ойын мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының дамуына иғі ықпал тигізетін жетекші, басты құбылыстың бірі деуге болады. Баланың қуанышы да, реніші де ойын кезінде айқын көрінеді. Ойын кезінде бала ойланады, эмоциялық әсері ұшқындаиды, белсенділігі артады, қиялы шыгармашылық қабілеті дами түседі. Ойын - тәрбие құралы, ақылды, ойды, тілді дамытады, сөздік қорды, сезімді кеңейтеді.

Ойын эстетикалық тәрбие құралы. Балалар негізінен ойын үстінде тез тіл табысады. Баланың ойына қарап, оның психологиясын білуге болады. Кейбір балалар ойын кезінде еркін қозғалып, басқалармен тез тіл табысса, кейбір балалар басқа балалармен араласа алмай, көңіліне ұнаган ойыншиқты басқалардан сұрауга батылы жетпей тұрады. Ойын кезінде ойыншиқтарды өзіне жинап алғып, менікі дейтін балалар көп.

*Тәрбиешінің міндетті –балага ұрыстай жай гана « мен »
дегеннің орнына, біз біздікі деген ұғымды айтуга
дағдыландыру.*

*Бала ойыны үшін қажетті құрал – ойыншық бала
ойынын қызықты, әрі көңілді өту үшін оған көп
көмектеседі. Мысалы; машинаны ойнап отырган
балалар ойын кезінде жол жасап, құрылышпен
шұғылданып, бір – бірімен тығыз қарым – қатынаста
болса, қуыршақ ойыны кезінде қыздар өздерін
куыршақпен салыстырып, олармен сойлесіп тілін
дамытады. Мысалы ; сенің шашың ұзын, менікі де әдемі,
сенде бантик, ал менде әдемі түйреуіштер.*

*Балалармен түрлі ойындар ойнауга болады. Мысалы;
Ұлттық ойындар, қимылды ойындар, дидактикалық
ойындар, саусақ ойындар, сюжетті рольді ойындар.*

*Ойын өсіп келе жатқан бала организміне қажет.
Ойында баланың дене күші артады, қолы қатайып,*

денесі шыңдала түседі, сөзі қырагыланады, зеректігі, тапқырлығы, ынтасты артып, жетіле түседі. Ойында балалардың ұйымдастыруышылық дәгдайлары қалыптасып шыңдалады. Мұндай жағдайда балалардың түрлі топтагы бұлышықеттері бірдей қызмет етеді де, соның нәтижесінде олар бір қалыпты жетіледі. Алайда қимылды ойындардың маңызы тек мұнымен ғана шектелмейді, олар сондай - ақ балалардың жан – жақты өсіп жетілуінде үлкен рөль атқарады. Қимыл ойындары – балаға дene тәрбиесін беру құралы. Балалардың жүгіру, секіру, өрмелеу, лақтыру, қағып алу қабілеттерін жетілдіруге, дамытуға мүмкіндік береді. Қимыл ойындары баланың жүйке психикалық дамуына, жеке басының денсаулығының қалыптасуына да үлкен әсер етеді. Қимыл ойында ережелер ұйымдастыруышы рөль атқарады, олар ойынның барысын, жүйелігін, ойнаушылардың қарым – қатынасын, баланың мінезділіктерін анықтайды. Қимыл ойындары үйдің ішінде, және

серуен кезінде бірнеше баламен немесе бүкіл топпен откізіледі. Олар, сондай ақ, дене шынықтыру сабақтарының құрамына енеді. Сол сияқты ойындарда топта жас ерекшілігіне сай жүргізіледі. Ойын балаларға сабақта да, серуенде де, өте қажет, тіпті бала жай демалып отырганның өзіне де ойын үстінде болады.

Қимылды ойындар баланың барлық жас кезінде өтіледі. Баланың ойын үстінде сергек де ширақ болатынын, сезімтал болатынын білеміз. Қимылды ойындар зеректілікке, байқагыштыққа, зейінділікке, қиялдауга, дұрыс сезімдердің дамуына мүмкіндік жасайды. Бала өзінің тең құрбылары арасында олармен тең сезінуге тиіс. Ойындағы белсенді әрекет балалардың күшіне деген сенбеушілікті, ұялаштықты, жасқаншақтықты болдырмайды. Қимылды дәлме – дәл орындау батылдық, ентілік, тапқырлық, сенімділік сезімін күшейтеді жәннетопта өзінің тиісті орнын алуға көмектеседі.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың доппен,

шешбермен, жіппен секіру, тас лақтыру және баса да заттармен ойнайтын көптеген өимылды ойындарда ережені балалардың өздері белгілейді. Қай жағдайда болсада келісім барлық ойнаушылар үшін заңды ереже болып табылады. Бұл дәстүрлердің тәрбиелік мәні улken. Балаларды тәртіптілікке шақырады, өз беттерімен келісе білуге, келісіп әрекет жасауга, көпшіліктің пікірімен санасуға тәрбиелеуге көмектеседі. Жоғарыда айтылғандардың бәрі қимылды ойындар арқылы алуан түрлі міндеттерді шешуге болатынын көрсетеді. Ал ол үшін бұл ойындарды балалармен күнделікті жұмыста кеңінен қолдану керек. Қимылды ойындарды пайдаланған кезде дидактикалық принциптерді; қолайлышты, жүйелікте, бірізділікте, белсененділікте, парасаттылықты сақтау керек. Бұл ойындар жинағында «Балалар бақшасындағы тәрбие программына» сәйкес 3 жастан 7 жасқа дейінгі балаларға арналған ойындар іріктесін алынады.

Ойындар әрбір жас тобы үшін балалар қимылтының басымдылық процесіне қарай орналастырылған, жүру, жүгіру, лақтыру, секіру, өрмелеу. Мысалы; жас ерекшіліктері әр түрлі топтарда пайдаланатын, жұртшилыққа кеңінен белгілі « Ақку – қаздар » деген ойындар да балаларга мынадай ережені ескерту керек.

Қаздар жайылып жүрген кезде шөп жұлып жейді, су іshedі. Осы қимылдарга еліктен балалар еңкейеді, мойнын созады, басын артқа қарай шалқайтады. Жасына қарай бөлінген әр топтың ішінде де бұл принцип сақталған.

Мысалы; кішкентай балалар алгашиқыда, негізінен балалардың қимылтына жағдай жасаітын, жүгіруге, секіруге, ынталандыру міндеттін атқаратын ойындар берілген. Ол одан кейін қимылдың сапасына талаптар қоятын ойындар орналастырылған. Мысалы алгашиқыда балаларга сәл биіктен секіреттін, содан кейін бір орында тұрып екі аяқты алға қарай жылжып секіреттін ойындар беріледі. Ересек балалар топтарында терең оларға,

жоғарыға жүгіріп келіп және бір орында ұзындыққа секіруге жаттықтыратын ойындар іріктелініп алынады. Естияр балалар мен ересек балалар топтарында Кеглилер (агаши қадаларды агаши доппен құлату). Қимылды ойындарың бәрі сайып келгенде балалар қимылтының жеңіл де әсем, батылда сенімді болуына бағытталған.

Ойынның мазмұнын, ережесін балаларға анық айтып беру, ойындағы қимылдарды дәл де айқын орындау үшін тәрбиесі балалармен жұмыста пайдаланатын қимылды ойындарды жақсы білуге міндетті.

Қимылды ойындардың әсері көп жағдайда ойынның алдына қойылған міндеттердің ауыр жеңілдігіне және де дене күшінің дәрежесіне байланысты болады. Ойын көп күш қуат жұмсауды талап етіп, бала организмін қатты жұмыс істеуге мәжібүр етуіне қарамастан, олар әдетте қуанышты, жақсы көңіл күй тудырады. Алайда бұл көңіл

*күй баланың дұрыс дамып жетілуін оның алдына белгілі
бір күш жұмсауды талап ететін, бірақ орындаи алатын,
міндет қойылған жағдайда гана дұрыс көмектеседі.
Балалардың істеген әрекеті процестің өзінен сондай ақ
оның нәтижесінен болсын, бірлесіп істеген іс –
әрекеттің сергек немесе күйіншіктерінен болсын, бәрібір
оган қуаныш әкелу керек.*

*Мұндай жағдайда олар тағы да ойнай беруді сұрайды, ал
одан ересек балалар топтарында өз беттерімен де
ойнайтын болады. Ойындардың әрбір топта тұрақты
ойнап тұруы балалардың өздерінің инициативасымен
пайда болып жүргізілуі үшін оларды ұйымдастырудың
жолдарын жақсы салыстырып, балалардың ойнауга
деген ынтысын шақыратын әр түрлі құралдарды
пайдалану керек. Ойындар үй ішінде сондай ақ далада
өткізгенде де тез қимылды қажет ететін ойындармен
алмастырып отыру керек. Жазда ыстық күндерде,*

қымылды ойындар участкениң көлеңкелі салқын жерлерде откізіледі. Қыста серуен кезінде ойындарды жүгіру, секіру тәсілдері арқылы ұйымдастырып қымылга мейлінше жағдай жасау керек. « Поезд », « Қар дөңгелектер », « Мұз қалау », және де басқа қымылды ойындарды қыс кезінде де демалумен алмастырып отырылуы керек, балалардың денесінің артық қызып терлеп кетуіне жол бермеу керек.

Барлық жас ерекшеліктері бар топтарда тәрбиеші ұйымдастырылған қымылды ойындар балаларға қызықты болып, қызуда шапшаң сезімді, емін – еркін откізуге тиіс. Тек осы жағдайда гана олар бала тәрбиелеудің тиімді құралы бола алады. Бұл жұмыстың әр топта жүйелі жүргізу үшін бірдің бір баланың назардан тыс қалмауы үшін, тәрбие жұмысының перспективалы жоспарында, сондай – ақ әркімге

арналған жұмыс жоспарында да қимылды ойындар белгіленуге тиіс.

Корыта айтқанда, ойын баланың жан серігі. Ойын сырттай қараганда ешқандай қындығы жок, он оңай көрінуі мүмкін, ал іс жузінде бала ойынга қатысу үшін басқадармен тіл табысын, өзінің ойлаған ойын іске асыру оңай емес. Баланың рухани жетілуі мен табиги өсуінің, денесінің дамуы мен ой дүниесінің өркен жаюы ойынга тікелей тәуелді.

Мектепке дейігі мекемелердің оқытудагы негізгі міндеті; сәбілдер тобынан бастап балаларга білім, дагды, іскерлікті берумен қатар ойлау қабілеттерін қалыптастырып, балаларды ойлау жұмысына дайындау.

Балалар ойындарының тәрбиелік маңызын жогары бағалай келіп, А. С. Макаренко былай деп жазды. Бала ойында қалай болса, кейін өскен соң жұмыста да көп жағынан үқсас болады.

Сондықтан келешек өсіріп отырган тұлғамызды тәрбиелеу алдымен ойыннан басталады.

Ойын – тәрбие құралы, ақыл – ойды, тілді дамытады, сөздік қорды байытады, омірді танытып, сезімді кеңейтеді, тәрбиелейді.

Ойын – ерік жігерін және мінезі қасиеттерін бекітеді, адамгершілік сананы жетілдіреді.

Ойын – ұжымдық сезім әрекеттері өсеп түседі.

Ойын – эстетикалық тәрбие беру құралына айналады.

Ойын – еңбек тәрбиесін беру мақсаттарын шешуге мүмкіндік береді.

Ойын – дene күшінің жетілуіне комектеседі.

Ойын

Мақсаты

Міндеті

Бағдарламада алған
білімдерін
қалыптастыру,
тиянақтау, пысықтау.

Баланың
қызығушылығын
ояту, белсенділігін
арттыру.

Ойын

Ұйымдастырылған
оку іс – әрекет
басында

Ұйымдастырылған
оку іс – әрекет
ортасында

Ұйымдастырылған
оку іс – әрекет
соцында



Өткен іс – әрекетті
еске түсіреді



Көңіл күйін сергітеді,
ерік – жігерін
дамытады, оқуга
ыштасын арттырады



Тақырыпты бекіту,
оку іс – әрекетінде
алған білімді
жинақтау мақсатын


Ойын тақырыбы; Қояндар

*Мақсаты; Балаларды еттілікке,
шапшаңдыққа уйрету.*

*Қажетті заттар; Қоянның
атрибуттары.*

Ойын ережесі; Алаңның бір жағына бормен кішкене шеңбер сзылады(5 - 6) бұлар қояндардың үйшіктері, олардың алдына орындықтар қойылады.
Қарама – қарсы жағына күзетшінің үйі бар. Тәрбиеші ойынга қатысушылардың бәрін 3 – 4 баладан шағын топтарға бөледі. Эрбір топ еденде сзылған шеңберлердің біріне барып отырады. Балалар тәрбиешінің нұсқауы бойынша жүреленіп отырады.
Тәрбиеші күркелеріне кезекпе – кезек барып, қояндарды шалғынга шақырады. Қояндар бірінен кейін бірі орындықтың астынан еңбектеп шыға бастайды.
Шалғында жүріп, секіріп ойнай бастайды. Біраздан соң тәрбиеші « күркеге қарай жүгіріңдер » дейді.
Орындықтың астынан еңбектеп өз торларына кіреді.
Күзетші оларды қайтадан серуенге шақырганға дейін қояндар торда отыра береді. Ойын 4 – 5 рет қайталанады.





Ойын тақырыбы; Гараж

Мақсаты; Орын алған жағдайда тез қимылдауга, байқампаздыққа уйрету.

Қажетті заттар; Кардон қорапшалар.

Ойын ережесі; Балалар нөмірленген гараждарда тұрады. Команда бойынша бағдаршамның көзінің жануына сәйкес музыка әуенімен, жол бойында ерсілі-қарсылы жүре бастайды. Бұл кезде гараждардың орны алмастырылады



Ойын тақырыбы; Шеңберге түсір.

Мақсаты; Балалардың жылдам шешім қабылдау қабілетін дамыту, топта ынтымақпен келісе отырып жұмыс жасауда уйрету.

Қажетті заттар; Құм салынған қаптар.

Ойын ережесі; Балалар ортада жатқан диаметрі 1- 1.5 м үлкен шеңберден немесе дөңгелектен 2 -3 адым жерде дөңгеленіп тұрады. Тәрбиешінің «Лақтыр» деген белгісі бойынша балалардың бәрі қаптарын шеңберге лақтырады. Одан кейін тәрбиеші; «Қаптарды көтеріңдер» дейді. Балалар қаптарын көтереді де, орындарына барып тұрады. Ойын 4-5 рет қайталанады.





Пайдаланылған әдебиеттер;

1. «Бала мен балабақша»

Республикалық педагогикалық журнал, Алматы қаласы

2. «Отбасы және балабақша»

3. А. К. Бондаренко

«Дидактические игры в детском саду»

Москва «Просвещение» 1985 г

